

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР


Сабак тақырыбы: Қазақтың ұлттық киімдері.
5-сынып

Тыңдаушы: Абдикаримова А.О
“№9 мектеп-лицейі” КММ мұғалімі

МАҚСАТТЫҢ ҚОЙЫЛУЫ

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сәйкес)	5Т/А 4Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау 5Ж3 Сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру
Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар орындайды: тірек сөздерді пайдаланып, негізгі ойды анықтайды Оқушылардың көпшілігі орындайды: негізгі ойды түсінеді, есіне сақтайды, сауатты жазады Кейбір оқушылар орындайды: Негізгі ойды айтады,сюжеттік суретке қарап әңгіме құрайды
Бағалау критерийі	-Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтайды. -Суреттерге қарап әңгіме құру
Тілдік мақсаттар	Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды нақтылап, тірек сөздерді пайдаланып әңгіме құрайды. Пәнге қатысты сөздік қор мен термин: Қасаба, төбетей, жалбағай., сәлде, желек. Диалог пен жазу үшін қолданылатын тіркестер: ұлттық киім, этнографиялық мұражай, қымбат мата т.б
Құндылықтарға баулу	Қазақ халқының мәдениетіне құрметпен қарау

Белсенді оқу әдістері



Сұрақтар қобдишасы
(Алдыңғы оқуда)


«Артығын
алып таста»
(сабақтың басында)

«Шолып шығу (skimming)
және сканерлеу» әдісі
(сабақ ортасында)



Рефлексия. «Алақан» әдісі.

«Дөңгелек үстел» әдісі
(сабақтың соңында)



Саралау әдістері.

Саралау: Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырма бересіз?

<https://www.youtube.com/watch?v=ZRufTnHq3M4/> сілтемесінен «Қазақтың ұлттық киімдері» бейнежазбасын тыңдап, деңгейлік тапсырмаларды орындайды


1-деңгей. Бас киім атауларын теріп жазыңдар.

2-деңгей. Ерлер мен әйелдер киімдерін бөліп топтастырыңдар.

3-деңгей. Бір киімнің қалай жасалатынын немесе тігілетінін айтып беріңдер.

Критериалды бағалау

Бағдаршам



– мен тығырыққа тірелдім, ештеңе түсінбей қалдым

– мен түсінемін, бірақ барлығын емес

– мен жақсы түсіндім және басқаға да түсіндіре аламын

Басбармақ

Оқушылардың басбармақтарын көрсету арқылы сіз түсіндіргенді олардың уғу деңгейін тексерініз.



Басбармақ жоғарыға қарай = Мен түсінемін.

Басбармақ көлденең = Мен түсінгендеймін.



Басбармақ төмен қарай = Мен түсінбедім.



«Екі жұлдыз, бір тілек»



тілек



Ықшам сабақтың қорытындылары

Сабақ бойынша рефлексия

Өз сабағыңызға сыни баға беріңіз.

Не сәтті болды?

Не орындалмай қалды?

Қай мәселе қиындық тудырды?

т.б.

Үй тапсырмасын сұрау барысында «Сиқырлы қобдиша» әдісін пайдалана отырып, оқушылардың өткен тақырып бойынша білімі тексерілді. Жаңа сабақтың тақырыбын ашуда тірек сөздер мен суреттерді қолдандым. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтау барысында бүгінгі өмірмен қандай байланысы бар екендігі сұралды. Бұл оқушылардың ойлау жүйесін шыңдауға себебін тигізді деп ойлаймын.

Сабақтың соңында «Дөңгелек үстел» әдісімен қорытындылады.

Бұл сабақта жеткен жетістігім: тақырып толығымен талданды, себебі оқушылар әр түрлі танымдық тапсырмалар орындай отырып, алға қойған мақсаттарына жете білді. Тақырыптың негізгі түйінін ашты.